

«AIDA» СЕРВИСІНІҢ ПАЙДАЛАНУШЫ КЕЛІСІМІ

Осы Пайдаланушы келісімі (бұдан әрі – «Пайдаланушы келісімі» немесе «Келісім») «AIDA» сервисінің пайдаланушысы (бұдан әрі – «Пайдаланушы») мен Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес тіркелген заңды тұлға – «NextGen Technologies» ЖШС, БСН 210240015296, орналасқан жері: Қазақстан Республикасы, Алматы қ., Оспанов көшесі, 166А үй (бұдан әрі – «Жалға беруші» немесе «Компания») арасындағы шарт болып табылады.

Тараптар Қазақстан Республикасы Азаматтық кодексінің 380-бабы (Шарт еркіндігі) және 389-бабы (Қосылу шарты) ережелерін басшылыққа ала отырып, осы Пайдаланушы келісімін жасасады.

1. ТЕРМИНДЕР МЕН АНЫҚТАМАЛАР

Осы Келісімде төменде айқындалған мағынаға ие келесі терминдер қолданылады. Егер Келісімде осы бөлімде анықталмаған терминдер мен ұғымдар пайдаланылса, олар тиісті салада/ортада оларға әдетте берілетін мәнге ие болады.

1.1. «AIDA» сервисі — Мобильді қосымшаны, Велосипедтерді, Смарт-құлыптарды, BLE-жабдықты және Компанияның серверлік инфрақұрылымын қамтитын, Велосипедтерді станциясыз жалға берудің (доклесс-шеринг) аппараттық-бағдарламалық кешені.

1.2. Пайдаланушы — осы Келісімнің талаптарына сәйкес келетін, Тіркелу/Авторизация рәсімдерінен өткен және осы Келісімді оның талаптарына сәйкес сөзсіз қабылдаған жеке тұлға немесе заңды тұлға. Осы Келісімнің мақсаттары үшін және мәнмәтінге байланысты, Пайдаланушы ретінде осы Келісімнің талаптарына сәйкес келетін, бірақ әлі Тіркелу рәсімінен өтпеген (оны аяқтамаған) және осы Келісімді қабылдамаған жеке тұлға (Компанияның әлеуетті клиенті) да түсінілуі мүмкін.

1.3. Сайт — <https://aida-sharing.kz>

1.4. «Aida» қосымшасы немесе Веб-қосымшасы (Мобильді қосымша / Mini App / Kaspi.kz сервисі) — iOS және Android платформалары үшін әзірленген, смартфондарда, планшеттерде және басқа мобильді құрылғыларда жұмыс істеуге арналған бағдарламалық жасақтама, веб-интерфейс, сондай-ақ Пайдаланушыға Жалға берушіден Велосипедтерді табуға, бұғаттан шығаруға, жалға алуға, тұраққа қоюға және ақысын төлеуге мүмкіндік беретін Kaspi.kz экожүйесіндегі интеграцияланған модуль / Mini App. Қосымшаға зияткерлік меншік объектісі ретіндегі барлық айрықша құқықтар Компанияға тиесілі.

1.5. Құрылғы — Пайдаланушының Интернет желісіне қосылған, iOS немесе Android операциялық жүйелері негізінде жұмыс істейтін, Пайдаланушыға Тіркелу/Авторизациядан өту, сондай-ақ (Құрылғының функционалдық мүмкіндіктеріне байланысты) Қосымшаны пайдалану мүмкіндігін беретін электрондық құрылғысы. Құрылғылар шектеусіз мыналарды қамтиды: компьютерлер (соның ішінде ноутбук/лэптоп, десктоп, Macintosh компьютерлері), ұялы телефондар (смартфондар мен коммуникаторларды қоса), ҚДҚ («планшет» үлгісіндегі құрылғыларды қоса).

1.6. Велосипед — электр қозғалтқышы жоқ, тек адамның бұлшықет күшімен аяқ басқыштары (педальдары) арқылы қозғалысқа келтірілетін екі доңғалақты көлік құралы.

1.7. Смарт-құлып (Ақылды құлып) — Велосипедке орнатылған және Компания мен Пайдаланушы тарапынан Bluetooth (BLE), GSM/GPRS арналары немесе Қосымша арқылы қашықтан басқарылатын электрондық-механикалық құлыптау құрылғысы.

1.8. BLE-тұрақ (Bluetooth Low Energy) — Қосымшаға Велосипедтің рұқсат етілген тұрақ аймағының шекарасында тұрғандығын жоғары дәлдікпен анықтауға мүмкіндік беретін, сымсыз маякпен (BLE-белгімен) жабдықталған тұрақтың технологиялық аймағы.

1.9. Доклесс-шеринг (Dockless) — бұғаттан шығару және жалға алуды аяқтау рұқсат етілген геоаймақтарда және BLE-тұрақтарда Смарт-құлыптың көмегімен жүзеге асырылатын, бекітудің физикалық станцияларынсыз жалға беру жүйесі.

1.10. Пайдаланушыны тіркеу — мүдделі Пайдаланушы мен Компанияның осы Келісімде және Қосымшада бекітілген белгілі бір әрекеттер кешенін орындауы.

1.11. Пайдаланушыны авторизациялау — Қосымшаны әрі қарай пайдалану үшін тіркелген Пайдаланушыны сәйкестендіру мақсатында осы Келісімде бекітілген белгілі бір әрекеттер кешенін Қосымшада орындау.

1.12. Қолдау қызметі — Қосымшаны пайдалануды ұсыну барысында тәулік бойы (24/7), демалыссыз және мереке күндерінсіз Пайдаланушыларға консультациялық қолдау көрсетуді, көмектесуді және оларды ақпараттандыруды жүзеге асыратын Компанияның құрылымдық бөлімшесі. Қолдау көрсету және ақпараттандыру Пайдаланушы Қолдау қызметіне телефон немесе Қосымшада көрсетілген электрондық пошта арқылы жүгінген кезде жүзеге асырылады.

1.13. Құпиялылық саясаты — Қосымшаға қолжетімділікті ұсыну үшін Пайдаланушы туралы ақпаратты алудың, өңдеудің және сақтаудың мақсаттарын, әдістері мен тәртібін реттейтін, Қосымшада орналастырылған құжат.

1.14. Жалға алу шарты — Компанияның Жалға берушінің атынан және оның есебінен жасасқан, Пайдаланушы мен Жалға беруші арасындағы шарт.

1.15. Төлем шоты / Kaspi Gold / Банк картасы — AIDA Қосымшасында немесе тікелей Kaspi.kz экожүйесінің ішінде жалға алу қызметтері үшін есеп айырысу жүзеге асырылатын қолма-қол ақшасыз төлем құралдары.

1.16. Осы Келісімнің мәтінінде жекеше түрде қолданылған терминдер көпше түрді және керісінше білдіруі мүмкін.

2. КЕЛІСІМ ПӘНІ ЖӘНЕ ЖАЛПЫ ЕРЕЖЕЛЕР

2.1. Осы Келісімге сәйкес Компания Пайдаланушыға қолжетімді Велосипедтерді іздеу, қозғалыс бағытын бақылау, Смарт-құлыпты басқару, қолжетімді BLE-тұрақтарды және Велосипедтерге арналған басқа да рұқсат етілген тұрақ аймақтарын табу және Қосымшаның өзге де функцияларын пайдалану құқығымен «Aida» Веб және/немесе Мобильді қосымшасын қайтарып алынатын айрықша емес пайдалану құқығын береді.

2.2. Пайдаланушы Компанияға лицензиялық сыйақыны және/немесе жалдау ақысын төлеуге міндеттенеді. Лицензиялық сыйақы және жалға алу құны белсендіру (старт) түрінде, Қосымшаны белгілі бір уақытқа пайдалану жазылымы түрінде және (немесе) Қосымшада, Kaspi.kz сервисінде және (немесе) Сайтта көрсетілген тарифтер бойынша Велосипедті минуттық/сағаттық пайдалану уақыты түрінде тарифтелуі мүмкін.

2.3. Тарифтер Қосымшада немесе Kaspi.kz сервисінің интерфейсінде көрсетіледі. Қосымшаны пайдалану Пайдаланушының лицензиялық сыйақы мен жалдау құнының мөлшерімен келісетінін және оны қабылдайтынын білдіреді. Егер Пайдаланушы тарифпен келіспесе, ол Қосымшаны пайдаланудан бас тартуға міндетті.

2.4. Төлем тәртібі және акцептсіз есептен шығару:

2.4.1. aida-sharing.kz веб-қосымшасы арқылы төлеу: Жалдау ақысы, кепілдік депозиттері, сондай-ақ көзделген айыппұлдар мен өтемақылар Пайдаланушы Сервиске байланыстырған банк картасынан ақшалай қаражатты акцептсіз есептен шығару арқылы Компания тарапынан ұсталады. Картаны байланыстыра отырып, Пайдаланушы Компания пайдасына тұрақты және акцептсіз төлемдер жүргізуге сөзсіз келісім береді.

2.4.2. Kaspi.kz арқылы төлеу: Kaspi.kz арқылы жалдауды ресімдеу кезінде Пайдаланушы Сервис ұсынған шотты таңдалған тарифке сәйкес сапар басталғанға дейін немесе сапар аяқталғаннан кейін төлем сервисінің интерфейсінде дербес төлейді.

2.4.3. Қаражаттың жеткіліксіздігі және берешек: Байланыстырылған картадан қаражатты есептен шығару мүмкін болмаған жағдайда, Компания берешек толық өтелгенге дейін қаражатты есептен шығару әрекеттерін қайталау, Пайдаланушының велосипедтерді жалға алуға қолжетімділігін бұзаттау, сондай-ақ Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен берешекті өндіріп алу құқығын өзіне қалдырады.

2.5. Қосымшаны пайдалануға осы Келісімде көзделген тәсілдермен ғана жол беріледі.

2.6. Пайдаланушы Қосымша мен Велосипедті ҚР қолданыстағы заңнамасының және осы Келісім шарттарының талаптарын бұза отырып, Компанияға немесе үшінші тұлғаларға зиян келтіру мақсатында пайдаланбайтынына кепілдік береді.

2.7. Қосымшаны пайдалану барысында туындаған қателер немесе ақаулар туралы Пайдаланушы Мобильді қосымшаның Қолдау қызметіне хабарлайды.

2.8. Банк картасынан немесе Kaspi шотынан ақшалай қаражат қате есептен шығарылған жағдайда, Пайдаланушы support@aida-sharing.kz мекенжайы бойынша Компанияға жүгінуге құқылы. Компания Пайдаланушыдан паспорттың/жеке куәліктің көшірмесін және қате есептен шығаруды растайтын құжаттарды (шоттан үзінді көшірмелер және т.б.) ұсынуды талап етуге құқылы. Пайдаланушының қаражаты Шартқа сәйкес есептен шығарылған жағдайларды қоспағанда, Компания аталған өтінішті 10 (он) жұмыс күнінен кешіктірмей қарайды және ол бойынша шаралар қабылдайды. Ақшалай қаражатты қайтару есептен шығару жүргізілген Пайдаланушының банк шотына/картасына, егер ішкі банктік рәсімдерде бұдан ұзағырақ мерзім белгіленбесе, 30 (отыз) жұмыс күні ішінде жүзеге асырылады. Ақшалай қаражатты қайтару тәртібі халықаралық төлем жүйелерінің және/немесе қызмет көрсететін банктің ережелерімен реттеледі. Қолма-қол ақшамен қайтаруға жол берілмейді.

3. ПАЙДАЛАНУШЫНЫ ТІРКЕУ ЖӘНЕ АВТОРИЗАЦИЯЛАУ (СОНЫҢ ІШІНДЕ KASPI.KZ АРҚЫЛЫ)

3.1. Қосымшаны пайдалану тек Пайдаланушы веб және/немесе мобильді қосымшада (Kaspi.kz-тегі Mini App / серіктестік сервисті қоса) Тіркелген және осы Келісімде белгіленген әрекеттер реттілігіне сәйкес Қосымшада авторизациядан өткен жағдайда ғана мүмкін болады.

3.2. Пайдаланушыны Қосымшада тіркеу үшін ол дербес www.aida-sharing.kz веб-қосымшасына кіреді, Интернет желісіндегі AppStore (itunes.apple.com) және (немесе) Google Play (play.google.com) қосымшалар дүкендерін пайдаланып Құрылғыға Қосымшаны жүктейді (көшіріп алады) не Kaspi.kz қосымшасының ішінде Сервисті іске қосады.

3.3. Қосымшада тіркелу үшін Пайдаланушы осы сауалнамада талап етілетін ақпаратты, соның ішінде дербес деректерді ұсына отырып, сауалнаманы толтырады. Авторизациядан өту немесе жалға алу кезінде Пайдаланушыны сәйкестендіру жеке деректерді (Жеке куәлік, Телефон нөмірі, Банк картасы) пайдалану арқылы жүргізілуі мүмкін.

3.4. Пайдаланушы «Мен шарттармен келісемін және Пайдаланушы келісімін қабылдаймын» құсбелгісіне (чек-бокс) белгі қою немесе Қосымшада / Kaspi.kz интерфейсында «Төлеу» батырмасын басу арқылы осы Келісімнің шарттарын қабылдамайынша Тіркелуді аяқтай алмайды.

3.5. Осы Келісімнің 3.3 және 3.4-тармақтарында көрсетілген әрекеттерді орындамас бұрын, Пайдаланушы өзінің ұялы телефон нөмірін және құпиясөзді/кодты енгізеді. Кейіннен Қосымшада авторизациядан өту кезінде Пайдаланушының жеке кабинетіне кіруге арналған логин ретінде Тіркелу кезінде Пайдаланушы көрсеткен ұялы телефон нөмірі пайдаланылады.

3.6. Пайдаланушы деректерді ұсынғаннан кейін Компания 5 (бес) жұмыс күні ішінде Пайдаланушыны және ол ұсынған деректерді тексереді және осы мерзімде Пайдаланушы ұсынған және (немесе) Компанияның үшінші тұлғалардан алған ақпараты негізінде Пайдаланушыны Тіркеу мүмкіндігі туралы шешім қабылдайды. Қабылданған шешім туралы Компания Пайдаланушыны өзіне ыңғайлы кез келген тәсілмен хабардар етеді.

3.7. Егер Пайдаланушы Тіркелу кезінде дұрыс емес немесе оқылмайтын ақпаратты ұсынса, не Компанияда ұсынылған ақпарат дұрыс емес деп пайымдауға негіздер болса, Компания өз қалауы бойынша Пайдаланушының Қосымшаны пайдалануға қолжетімділігін бұғаттауға құқылы. Сонымен қатар Компания кез келген кезеңде себептерін түсіндірместен Пайдаланушыны Тіркеуден бас тартуға құқылы.

3.8. Пайдаланушыны Тіркеу аяқталған соң, Қосымшаны толық көлемде пайдалану мүмкіндігін көздейтін Пайдаланушыны авторизациялау ұялы телефон нөмірін және SMS-хабарламамен алынған кодты енгізу арқылы немесе серіктестердің (Kaspi.kz) авторизациялау хаттамалары арқылы жүзеге асырылады.

3.9. Пайдаланушы логин мен құпиясөзді, сондай-ақ Пайдаланушының атынан Қосымшаға қолжетімділік алуға болатын өзге де деректерді құпия сақтауға міндеттенеді. Логин, құпиясөз жоғалған жағдайда немесе бұл деректерді үшінші тұлға иемденді деп пайымдауға негіздер туындаған кезде, Пайдаланушы жеке кабинетке қолжетімділікті бұғаттау туралы Компанияға сұрау салуға (support@aida-sharing.kz электрондық мекенжайына жіберу немесе Қолдау қызметіне хабарласу арқылы) міндетті. Сұрау салуды Компания жіберілген сәттен бастап 1 (бір) сағат ішінде қарайды. Осы міндеттемені орындамаудан туындайтын барлық тәуекелдер Пайдаланушыға жүктеледі.

3.10. Тіркеу аяқталғаннан кейін Қолдау қызметіне жасалатын барлық қоңырауларды Пайдаланушы сауалнаманы толтыру кезінде көрсетілген ұялы телефон нөмірінен не Қолдау қызметі қызметкерінің сұрауы бойынша қосымша деректерді ұсынған жағдайда өзге телефон нөмірінен жүзеге асырады.

3.11. Тіркелу процесі сәтті өткен жағдайда Пайдаланушы ақшалай қаражат есептен шығарылатын өзінің банк карталарын Қосымшаға байланыстыруға тиіс. Қосымшада көрсетілген және интернет-төлемдерді жасау мүмкіндігі бар төлем жүйелерінің банк карталарын ғана пайдалануға рұқсат етіледі. Пайдаланушы өзі ұстаушысы болып табылатын банк карталарын/шоттарын ғана байланыстыруға құқылы. Бұл шарт орындалмаған жағдайда, Пайдаланушы өз есебінен картаның нақты ұстаушысына барлық есептен шығаруларды өтейді.

3.12. Пайдаланушы әрбір банк картасын байланыстырған кезде, сондай-ақ Қосымшаны әрбір пайдалануды бастар алдында оң теңгерімді тексеру жүргізілуі мүмкін, бұл ретте 100 (жүз) теңгеден аспайтын мөлшерде ақша сомасы уақытша есептен шығарылады/бұғатталады және ол есептен шығарылған сәттен бастап 24 (жиырма төрт) сағат ішінде Пайдаланушының банк картасына қайтарылады.

4. ВЕЛОСИПЕДТІ ПАЙДАЛАНУ, СМАРТ-ҚҰЛЫППЕН ЖҰМЫС ЖӘНЕ ФОТОСУРЕТ ҰСЫНУ МІНДЕТТЕМЕСІ

4.1. Велосипедті бұғаттан шығару және қарап тексеру:

4.1.1. Смарт-құлыпты бұғаттан шығару AIDA немесе Kaspi.kz Қосымшасы арқылы Велосипедтегі/құлыптағы QR-кодты сканерлегеннен және жалдауды бастауды растағаннан кейін автоматты түрде орындалады.

4.1.2. Қозғалысты бастар алдында Пайдаланушы Велосипедті қарап тексеруге және оның механикалық тораптарының (тежегіштер, рөл, басқыштар (педальдар), шынжыр, орындық) және Смарт-құлыптың жарамдылығына көз жеткізуге міндетті. Ақаулар анықталған жағдайда Пайдаланушы сапардан бас тартуға және Қолдау қызметіне хабарлауға міндетті.

4.2. Фотосурет ұсыну міндеті:

4.2.1. Пайдаланушы Велосипедпен әрбір сапар аяқталғаннан кейін Қосымша арқылы түсірілген Велосипедтің фотосуретін ұсынуға міндеттенеді.

4.2.2. Фотосурет тікелей сапар аяқталған сәтте түсірілуі және белгіленген интерфейске сәйкес Қосымшаға жүктелуі тиіс.

4.2.3. Фотосуретті ұсынудың мақсаты – сапардың аяқталу фактісін тіркеу, тұрақ ережелерінің (соның ішінде BLE-аймақтардың) сақталуын, Смарт-құлыптың бұғатталуын растау және Велосипедтің техникалық жай-күйін бағалау.

4.3. Фотосуретке қойылатын талаптар:

4.3.1. Фотосуретте мыналар анық көрсетілуі тиіс: (а) Велосипедтің толық көрінісі, соның ішінде рөлі, доңғалақтары және корпусы; (б) Велосипедтің Қосымшада немесе Келісімде көрсетілген ережелерге сәйкес келетін тұрақ орны; (в) Велосипедтің нөмірі және бұғатталған Смарт-құлып.

4.3.2. Фотосурет анық, Велосипедті немесе тұрақ орнын сәйкестендіруге кедергі келтіретін бұрмалануларсыз болуы тиіс.

4.4. Сапарды аяқтау және Смарт-құлыпты бұғаттау:

4.4.1. Сапар аяқталғаннан кейін Пайдаланушы Смарт-құлыптың доғасын/иінтірегін қолмен немесе интерфейс арқылы «Жабық» күйіне ауыстыруға (сырт еткен дыбысқа/бекітілгенге дейін) және Қосымшадағы «Сапарды аяқтау» батырмасын басуға міндетті.

4.4.2. Егер Смарт-құлып физикалық түрде бұғатталмаса немесе жалдау сессиясы Қосымшада аяқталмаса, Велосипедті пайдаланғаны үшін төлем есептеу бұзушылық жойылғанға немесе Қолдау қызметіне хабарласқанға дейін жалғасады.

4.5. Міндеттемелерді орындамаудың салдары:

4.5.1. Фотосуретті ұсынбау, осы Келісімнің талаптарына сәйкес келмейтін фотосуретті ұсыну, Смарт-құлыпты жаппау не дәйексіз ақпарат беру Келісім шарттарын бұзу ретінде қарастырылады.

4.5.2. Бұзушылық орын алған жағдайда Компания: (а) Велосипедті пайдаланғаны үшін төлемді есептеуді жалғастыруға; (б) Жалға алудың жария шартында көзделген айыппұл санкцияларын қолдануға; (в) Пайдаланушының Компания қызметтеріне қолжетімділігін шектеуге немесе тоқтата тұруға; (г) Келісімде немесе Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасында көзделген өзге де шараларды қабылдауға құқылы.

4.6. Фотосуреттерді пайдалану және техникалық ақаулар:

4.6.1. Пайдаланушы Компанияға Келісімнің бүкіл қолданылу мерзіміне бақылау және дауларды шешу мақсатында фотосуреттерді пайдалануға айрықша емес, өтеусіз құқық береді.

4.6.2. Қосымша жұмысындағы техникалық ақаулар салдарынан фотосуретті жүктеу немесе Смарт-құлыпты бұғаттау мүмкін болмаған жағдайда, Пайдаланушы Қолдау қызметі арқылы

Компанияны дереу хабардар етуге және оператордың нұсқаулары бойынша әрекет етуге міндетті.

5. ВЕЛОСИПЕДТЕРДІ ТҰРАҚҚА ҚОЮ ЕРЕЖЕЛЕРІ ЖӘНЕ BLE-АЙМАҚТАР

5.1. Жалпы ережелер:

5.1.1. Пайдаланушы Велосипедті тек рұқсат етілген орындарға ғана қоюға міндетті.

5.1.2. Тұрақ жаяу жүргіншілер үшін өту жолын сақтауы және қауіпсіз болуы тиіс.

5.2. BLE-аймақтарда тұраққа қою:

5.2.1. BLE-аудандарында жалдауды аяқтауға тек тұрақ маягының сигналы болған кезде ғана жол беріледі.

5.2.2. Жалдауды аяқтау үшін құрылғыда Bluetooth қосулы болуы керек.

5.3. Рұқсат етілген орындар:

BLE-тұрақтар, велотұрақ тіректері, кемінде 1,5 метр өту жолы сақталған жаяу жүргіншілер жолдары (тротуарлар).

5.4. Тыйым салынған орындар:

Жолдың жүру бөлігі, жаяу жүргіншілер өткелдері, көгалдар, ғимараттардың ішіндегі аумақтар, жеке меншік аумақ, сондай-ақ «қызыл» аймақтар.

5.5. Тұрақ ережелерін бұзудың салдары:

5.5.1. Тұрақ ережелерін бұзу айыппұл салуға, қолжетімділікті шектеуге және тасымалдау шығындарын өтеуге әкеп соғады.

5.5.2. Компания велосипедті Пайдаланушының есебінен тасымалдауға (орнын ауыстыруға) құқылы.

5.5.3. Қосымшада белгіленген рұқсат етілген тұрақ аймағынан тыс жерде жалдауды аяқтағаны үшін айыппұл осы Келісімнің 5.5.6-тармағына сәйкес автоматты түрде есептеледі. Сапарды аяқтамас бұрын Қосымша Пайдаланушыға оның тұрақ аймағынан тыс жерде екенін ескертеді; мұндай ескертуден кейін жалдауды аяқтау Пайдаланушының аталған айыппұлды есептеумен келісетінін білдіреді.

5.5.4. Компания қызметкерінің фотосуретті тексеруі негізінде тиісті емес тұрақ үшін айыппұл (10 000 теңгеге дейін) салынуы мүмкін.

5.5.5. Осы Келісімнің 5.5.3, 5.5.4 және 5.5.6-тармақтарында көзделген айыппұлдар Пайдаланушының Компания алдындағы берешегін құрайды. Берешек толық өтелгенге дейін жалға алуға қолжетімділік бұғатталады.

5.5.6. Жалдауды аяқтағаны және Велосипедті Қосымшада белгіленген рұқсат етілген тұрақ аймағының шегінен тыс («қызыл аймақ» немесе қамту аймағынан тыс жерде) қалдырғаны үшін Пайдаланушыға Велосипедтің рұқсат етілген аймақ шекарасынан қашықтығына байланысты серпінді (динамикалық) айыппұлдар шкаласы қолданылады:

— 1 (бір) километрге дейін (қоса алғанда) — 500 (бес жүз) теңге мөлшерінде айыппұл; — 1 (бір) километрден артық 2 (екі) километрге дейін (қоса алғанда) — 1 000 (бір мың) теңге мөлшерінде айыппұл; — 2 (екі) километрден артық — аймақ шекарасынан қашықтаған әрбір толық немесе толық емес километр үшін 1 000 (бір мың) теңге мөлшерінде айыппұл. Рұқсат етілген тұрақ аймағының шекарасына дейінгі қашықтықты есептеу сапар аяқталған сәтте Велосипедтің және/немесе Қосымшаның GPS/ГЛОНАСС-модулінің деректері бойынша автоматты түрде жүргізіледі.

6. ПАЙДАЛАНУШЫНЫҢ МӘЛІМДЕМЕЛЕРІ МЕН КЕПІЛДІКТЕРІ

6.1. Осы Келісімнің шарттарын қабылдай отырып, Пайдаланушы келесілерді мәлімдейді және кепілдік береді:

6.1.1. осы Келісімді оқу және оның мәнін түсіну үшін жеткілікті деңгейде қазақ және/немесе орыс тілдерін меңгергендігін;

6.1.2. Келісімнің талаптарын оқып шыққандығын, оның маңызын түсінгендігін, оның мазмұнымен келісетіндігін және оны ешқандай ескертпелерсіз және алып тастауларсыз қабылдайтындығын;

6.1.3. Құпиялылық саясатын оқып шыққандығын және оның мазмұнымен келісетіндігін;

6.1.4. Тіркелу кезінде Компанияға толық, жарамды және дұрыс деректерді ұсынғандығын;

6.1.5. осы Келісіммен өзіне қойылатын барлық талаптарға сәйкес келетіндігін, оның велосипедті басқаруға қарсы көрсетілімдері жоқтығын, жасы кемінде 16 (он алты) жаста (немесе Компанияның ішкі ережелеріне сәйкес 18 жаста) екендігін, Қазақстан Республикасының Жол жүрісі қағидаларын білетіндігін және сақтауға міндеттенетіндігін;

6.1.6. Велосипедте және Смарт-құлыпта Велосипедтің нақты координаттарын бақылауға мүмкіндік беретін кез келген жабдықтың (GPS/ГЛОНАСС/BLE/GSM) орналастырылуымен келісетіндігін;

6.1.7. Пайдаланушының Келісімді бұзуы салдарынан Компанияға келтірілген залалдың көлемін Компания айқындайтындығымен және оның сөзсіз өтелуге жататындығымен келісетіндігін;

6.1.8. осы Келісімді Компания алдын ала хабардар етусіз біржақты тәртіппен өзгертуі мүмкін екендігімен келісетіндігін. Жаңа редакция Сайтта немесе Қосымшада орналастырылған сәттен бастап күшіне енеді;

6.1.9. Компаниядан хабарламалар, ақпараттық және жарнамалық таратылымдар алуға келісетіндігін;

6.1.10. Қосымша немесе Kaspi.kz интерфейсі арқылы жасалған құжаттар мен әрекеттердің заңды күшін танытындығын.

7. ДЕРЕКТЕРДІ ӨҢДЕУГЕ ЖӘНЕ ҚАРАЖАТТЫ ЕСЕПТЕН ШЫҒАРУҒА ПАЙДАЛАНУШЫНЫҢ КЕЛІСІМІ

7.1. Пайдаланушы Компанияға («NextGen Technologies» ЖШС) өзінің дербес деректерін: Т.А.Ә., туған күні, жеке басын куәландыратын құжат деректері, мекенжайы, телефон нөмірі, e-mail, биометриялық деректер (сапарлардан түсірілген фотосуреттер), сондай-ақ берілген өзге де деректерді өңдеуге және трансшекаралық беруге өзінің мерзімсіз келісімін береді.

7.2. Дербес деректерді өңдеу Келісімді орындау, есеп айырысуларды жүргізу, мүлікті қорғау, зерттеулер жүргізу және қызметтер туралы ақпаратты жолдау мақсатында жүзеге асырылады.

7.3. Пайдаланушы Компанияның дербес және сәйкестендіру деректерін үшінші тұлғаларға, соның ішінде серіктестерге («Kaspi Bank» АҚ / Kaspi.kz қоса), уәкілетті мемлекеттік органдарға беруге, сондай-ақ берешекті өндіріп алу немесе талап ету құқықтарын басқаға беру үшін үшінші тұлғаларды тартуға құқылы екенін мойындайды және растайды.

7.4. Пайдаланушы Компанияның немесе төлем жүйелерінің жалдау ақысы, лицензиялық төлемдер, айыппұлдар, өсімпұлдар және Велосипедке немесе Смарт-құлыпқа келтірілген зақым үшін залалды өтеу есебіне өзінің банк картасынан немесе шотынан ақшалай қаражатты есептен шығаруына тікелей келісім береді.

7.5. Пайдаланушы Қолдау қызметімен телефон арқылы сөйлесулер мен чаттардың жазылуына келісім береді.

8. ПАЙДАЛАНУШЫНЫҢ КЕПІЛДІКТЕРІ, МІНДЕТТЕРІ ЖӘНЕ ЖАУАПКЕРШІЛІГІ

8.1. Пайдаланушы Қосымша мен Велосипедті тек жеке коммерциялық емес мақсаттарда ғана пайдаланатынына кепілдік береді (қосымша жалдауға беруге, Компанияның жазбаша келісімінсіз коммерциялық жеткізуде пайдалануға тыйым салынады).

8.2. Пайдаланушы тіркелгі деректерін үшінші тұлғаларға бермеуге және Компанияның мүлкіне (Велосипедке, Смарт-құлыпқа, BLE-жабдыққа) ұқыпты қарауға міндеттенеді.

8.3. Қасақана зақымдау, Смарт-құлыпты бұзу немесе Велосипедті ұрлау жағдайында Пайдаланушы Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес қылмыстық және азаматтық-құқықтық жауапкершілік көтереді және Компанияға мүліктің толық құнын және келтірілген залалдарды өтейді.

8.4. Пайдаланушының бұзушылықтары салдарынан (соның ішінде тұрақ ережелерін немесе ЖҚЕ бұзу) мемлекеттік органдар немесе үшінші тұлғалар тарапынан Компанияға талап-арыздар немесе айыппұлдар қойылған жағдайда, Пайдаланушы оларды реттеуге және Компанияға келтірілген залалдарды толық көлемде өтеуге міндеттенеді.

9. КОМПАНИЯНЫҢ КЕПІЛДІКТЕРІ ЖӘНЕ ЖАУАПКЕРШІЛІГІН ШЕКТЕУ

9.1. Қосымша мен Сервиске қолжетімділік «сол күйінде» («as is») қағидаты бойынша беріледі. Компания Қосымшаның үздіксіз жұмыс істеуіне, Сервистің Пайдаланушының күтулеріне сәйкес келуіне немесе Пайдаланушының Құрылғысында GPS/Bluetooth навигациясының абсолютті дәлдігіне кепілдік бермейді.

9.2. Компания төлем жүйелерінің уақытша жұмыс істемеуіне (Kaspi.kz немесе эмитент-банктер тарапындағы ақауларды қоса алғанда), байланыс операторларының іркілістеріне, сондай-ақ еңсерілмейтін күш мән-жайларына (форс-мажор) жауапты болмайды.

9.3. Компания Пайдаланушының ҚР ЖҚЕ немесе Велосипедті басқару кезіндегі қауіпсіздік техникасы ережелерін бұзуы салдарынан Пайдаланушыға немесе үшінші тұлғаларға келтірілген жарақаттар немесе зиян үшін жауапты болмайды.

9.4. Компания тек өзінің кінәсінен келтірілген тікелей нақты залал үшін ғана соңғы 12 айда Пайдаланушы төлеген сома шегінде жауапкершілік көтереді.

10. КЕЛІСІМНІҢ ҚОЛДАНЫЛУ МЕРЗІМІ, ӨЗГЕРТУ ЖӘНЕ БҰЗУ

10.1. Келісім Пайдаланушы Тіркелу / Авторизациялау / шарттарды қабылдау бойынша әрекеттер жасаған сәттен бастап күшіне енеді және белгісіз мерзім ішінде қолданылады.

10.2. Компания кез келген уақытта Келісім шарттарына өзгерістер енгізуге құқылы. Өзгерістермен келіспеген жағдайда Пайдаланушы Сервисті пайдалануды тоқтатуға және Келісімді бұзуға міндетті.

10.3. Тараптардың әрқайсысы екінші Тарапты 7 (жеті) күнтізбелік күн бұрын хабардар ете отырып, Келісімді орындаудан бас тартуға құқылы. Пайдаланушының бас тартуы берешектер толық өтелген жағдайда support@aida-sharing.kz мекенжайына жазбаша өтініш немесе скан-көшірме жіберу арқылы жүзеге асырылады.

10.4. Пайдаланушы Келісім шарттарын бұзған кезде Компания біржақты соттан тыс тәртіппен Келісімді бұзуға және Пайдаланушыны бұғаттауға құқылы.

11. ДАУЛАРДЫ ШЕШУ ЖӘНЕ СОТТЫЛЫҚ

11.1. Барлық даулар мен келіспеушіліктерді Тараптар келіссөздер жүргізу арқылы және наразылық (талап қою) тәртібімен шешеді. Тараптың наразылықты қарау мерзімі – алынған сәттен бастап 10 (он) күнтізбелік күн.

11.2. Осы шарттан немесе оған байланысты туындайтын шарттық немесе шарттан тыс сипаттағы кез келген дау АХҚО Сотының («Астана» халықаралық қаржы орталығы) немесе Жалға берушінің орналасқан жері бойынша сот органдарының айрықша юрисдикциясына жатады. Осы шарт Қазақстан Республикасының құқығымен реттеледі.

12. ҚОРЫТЫНДЫ ЕРЕЖЕЛЕР

12.1. Тараптар Қосымша, Kaspi.kz, e-mail немесе SMS арқылы жіберілген электрондық құжаттардың, хабарламалар мен ескертулердің заңды күшін таниды және оларды қағаз жеткізгіштегі құжаттарға теңестіреді.

12.2. Пайдаланушы өзінің тіркеу және дербес деректерінің өзгергендігі туралы Компанияға уақтылы хабарлауға міндеттенеді.

12.3. Қосымша және оның құрамдас бөліктері Компанияның зияткерлік меншігі болып табылады. Қосымшаны Келісім шарттарынан тыс пайдалануға тыйым салынады.

12.4. Осы Келісім орыс және қазақ тілдерінде жасалған.

13. КОМПАНИЯНЫҢ (ЖАЛҒА БЕРУШІНІҢ) ДЕРЕКТЕМЕЛЕРІ

Ұйымның атауы	«NextGen Technologies» ЖШС
БСН	210240015296
Заңды мекенжайы	Қазақстан Республикасы, Алматы қ., Оспанов көшесі, 166А үй
Қызмет көрсететін банк	«Kaspi Bank» АҚ
БИК	CASPKZKA
КБе	17
Шот нөмірі (IBAN)	KZ02722S000054780168
Қолдау қызметінің электрондық поштасы	support@aida-sharing.kz
Ресми сайт	https://aida-sharing.kz